

## **1997 жылғы мал қыстату кезеңінде электр энергиясымен және жанар-жағар материалдармен үздіксіз қамтамасыз ету туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 1997 жылғы 29 қаңтардағы N 14

Көкшетау облысының борыштарының құрылымын өзгерту және селолық шаруашылық жүргізуші субъектілерді 1997 жылғы мал қыстату кезеңінде электр энергиясымен және жанар-жағар материалдармен үздіксіз қамтамасыз ету мақсатында:

1. Көкшетау облысының шаруашылық жүргізуші субъектілерінің астық несиесі бойынша 32,6 мың тонна мөлшеріндегі берешегін қайтару мерзімі 1997 жылға ұзартылсын.

2. Көкшетау облысының әкімі ауыл шаруашылығы тауар өндірушілері, астық қабылдау кәсіпорындары, энергетика және мұнай өнімдері ұйымдары мен Мемлекеттік азық-түлік контракт корпорациясының облыстық өкілдігі арасындағы төртжақты шарттың негізінде облыс шаруашылықтарының осы корпорацияның астығын 1996 жылы пайдаланылған электр энергиясына бара-бар мөлшерде 42,2 млн. теңге және пайдаланылған жағар-жанар материалдар үшін 237,1 млн. теңге сомасындағы өз берешектерін Қазақстан Республикасының Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігі мен Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігінің ұйымдарына өтеу есебіне өткізуді ұйымдастырсын.

Қазақстан Республикасының Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігі, Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігі және Ауыл шаруашылығы министрлігі Көкшетау облысының әкіміне осы жұмысты жүзеге асыруға қажетті көмек көрсетсін.

Премьер-Министр